



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ
20.12.2022 жыл №24

Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма үшінші сессиясы 2022 жылғы 28 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Б.Байғараев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма үшінші сессиясы 2022 жылғы 28 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 28 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.


Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 28 желтоқсанда, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

«2023-2025 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы».

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Б.Байғараев



Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Президентке Ұлттық банктің биылғы қаңтар-қараша айларындағы ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары туралы есеп берілді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуал, инфляцияның өсу қарқыны мен оның болжамы, сондай-ақ алтын-валюта резервтерінің жай-күйі жөнінде баяндалды.

Кездесу барысында Ұлттық банктің қабылдаған шаралары теңгелі салынған депозиттердің бұрын-соңды болмаған деңгейге дейін өсуіне, валюта нарығын тұрақтандыруға және экономиканы кредиттеу өсімін жалғастыруға оң ықпал еткені атап өтілді.

Президентке цифрлық теңгені енгізу қажеттігіне қатысты жүргізілген зерттеу қорытындылары баяндал-

ды. Фалымжан Пірматовтың айтуынша, нарық қатысушылары, нақты тұтынушылар мен сауда-сервистік кәсіпорындарының қатысуымен өткен цифрлық теңге платформасын тестілеу сәтті болды. Цифрлық теңгенің енгізілуі қолма-қол ақшасыз төлемнің қолжетімділігін арттырып, мемлекеттік шығындардың ашықтығын қамтамасыз етеді және инновациялық қаржы өнімдерін жасауға мүмкіндік береді. Ұлттық банк төрағасы цифрлық теңге 2025 жылдың соңына дейін қолданысқа енгізілетінін жеткізді. Цифрлық теңгені айналымға енгізу жоспары үш кезеңнен тұрады. Мемлекет басшысы жобаны одан әрі жүзеге асыру жөнінде міндет жүктеді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Қазақстандықтар қаңтарда қанша күн демалады?



Қаңтар айында қазақстандықтар сенбі және жексенбі күндерін қоса алғанда барлығы 11 күн демалады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Жаңа жылды тойлау тек үш күнге - 1, 2 және 3 қаңтарға келеді.

Рождество мерекесі - 7 қаңтар биыл сенбіге сәйкес келіп тұр, қосымша демалыс күні берілмейді.

Қазақстандықтар қаңтар айында сенбі және жексенбі күндерін қоса алғанда барлығы 11 күн демалады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Орталық Азия медиа форумының қатысушыларымен кездесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия медиа форумының қатысушылары – Түркияның бұрынғы президенті Абдулла Гүлмен, Моңғолияның бұрынғы президенті Намбарын Энхбаярмен және Қырғыз Республикасының мемлекеттік хатшысы Сүйүнбек Касмамбетовпен кездесті, деп хабарлайды Egemen.kz. Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.



Мәртебелі меймандар Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, оның бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар мен саяси жаңғыруларға оң баға берді.

Президент Орталық Азия медиа форумына қатысқаны үшін қонақтарға алғыс айтып, елдеріміз арасында көпжақты ынтымақтастық-

тың дамуы бауырластық және достық қарым-қатынасты нығайта түсетініне сенім білдірді.

Кездесу барысында халықтарымыздың тарихи тамыры ортақ екеніне назар аударылды. Сондай-ақ олар мәдени-гуманитарлық және ғылыми салаларда бірлескен жобаларды іске асыру қажеттігі жөнінде пікір алмасты.

Журналистердің мәртебесін арттыру маңызды

Астанада Бірінші Орталық Азия медиа форумының екінші күні өтіп жатыр, деп хабарлайды Egemen.kz.

аудиториясын жоғалтпау үшін журналистердің мәртебесін, тәуелсіздігін, қауіпсіздігін арттыру маңызды. Осы



Белгілі саясаттанушы, «Naberyk» газетінің шолушысы Күршад Зорлу Астанада өтіп жатқан I Орталық Азия форумында сөз сөйледі.

Оның айтуынша, адамдар ақпаратты әлеуметтік желілерден оқығанды қалайды. Сондықтан дәстүрлі БАҚ өз

ретте Күршад Зорлу ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

«Түркия, Қазақстан және басқа түркі елдері арасында біздің ақпараттық ұйымдар арасында сенімді ақпараттың таралуын қамтамасыз ететін ортақ ақпараттық платформаны қамтамасыз ету қажет» деді ол.

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындарды жеке мәселесімен қабылдады.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары, аппарат басшысы, бірқатар ауыл округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты.

Қабылдау барысында аудан басшысы тұрғындардың өтініштерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Қабылдауға келген тұрғындардың негізгі мәселелері



АУДАН ӘКІМІ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

жұмысқа орналасу, тұрғын үй, мал шаруашылығына жайылымдық жер бойынша мәселелерін көтерді.

Айтылған әр мәселеге байланысты жауапты сала басшыларына тиісті шараларды дер кезінде қабыл-

дап, заң аясында қарау туралы тапсырма берді.

Сонымен қатар, аудан басшысы әр тұрғынның өтінішін ескеріп, жіті бақылауында болатынын жеткізді.



ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛЫП ҚҰРАН БАҒЫШТАЛДЫ

Шолаққорған ауылындағы орталық мешітте қасиетті жұма күнгі намаздан соң 1986 жылы желтоқсан қозғалысы кезінде құрбан болғандарды еске алып, тәуелсіздігін аңсап кеткен боздақтардың рухына арнап, арнайы құран бағышталды.

Имамдар мен жиналған жамағат халқымыздың ынтымағы мен бірлігін, тәуелсіз еліміздің мәртебесі қашанда биік болуын тілеп, дұға қылды.

Жерлесіміз философия ғылымдарының докторы



Созақ ауданының тумасы, жерлес қарындасымыз Айшабибі Дүкенбаева – University Gent (Гент университеті), Бельгия университетінде кандидаттық дис-

сертация қорғады.

Дипломда көрсетілгендей, осы дәреженің иегері философия ғылымдарының докторы және доктор (PhD) атағын пайдалана алады. Бұл дәреже 2009 жылғы 30 сәуірдегі Жарлықпен белгіленген Фламандтық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келеді.

Созақ аудандық жастар орталығында қызмет етіп жүргенімізде, шет елдерде оқып жүрген студент жастармен жыл сайын кездесу өткізіп тұратынбыз.

Сол уақыттағы студент Айшабибі Дүкенбаева, қазіргі таңда философия ғылымдарының докторы атанып отыр.

Айшабибіні құттықтап, жаңа жетістіктерге жетуіне тілектеспіз!

«Созақ үні»-ақпарат.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе аудандағы нысаналы индикаторлардың декомпозициясының ағымдағы жылдың қорытындысымен орындалу болжамдары және ауданның 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының орындалу барысы жайында аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндады.

Сонымен қатар, ауданда салынған құрылыс нысандары туралы аудан әкімдігінің



құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Жалғас Борсабаев хабарлама жасап, келесі

жылға атқарылар бірқатар жоспарларымен де бөлісіп өтті.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Шолаққорған ауылы, «Ақшам» шағын ауданының 8 көшесіне аудандық бюджеттен 880 дана электр желісін тартатын бағаналар қойылып, түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда қолданысқа берілді.

Сондай-ақ, аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков халықпен өткізген жиын барысында «Ақшам» мөлтек ауданының тұрғындары тарапынан тұрғын үйлерге келетін электр

энергия жеткіліксіз мөлшерде екенін және дауыл тұрған жағдайда электр жарығы жиі сөнетінін айтып, мәселенің шешілу жолдарын қарастыру жөнінде өтініш білдірген болатын.

Бүгінде аталған мәселе оң шешімін тауып, тұрғындар сұранысына орай әр көшеге жеке-леген 10 дана трансформаторлық подстанция орнатылып, пайдалануға берілді.

Мәні зор мәртебелі шара



Биыл ел Тәуелсіздігіне 31 жыл, Желтоқсан оқиғасына 36 жыл толды. Аталған ме-

рекеге орай бүгін ауыл әкімі Жәмиев Ордабек Желтоқсан оқиғасына қатысушы

ауыл тұрғыны Гүлнара Айтбекқызын қабылдады. Ауыл әкімі қабылдау барысында Тәуелсіз қазақ елінің отыз бір жыл ішіндегі бағындырған биік белестері мен қазақ жастарының толқуына қатысқан жандардың ерлігін бүгінгі мен кейінгі ұрпаққа үлгі екенін айтып өтті.

Қабылдау соңында Желтоқсан оқиғасына қатысушы, жерлесіміз Гүлнара Айтбекқызына ауыл әкімінің алғыс хаты табысталып, сый-сияпат көрсетілді.



Кітапхана-білім ошағы

Тәуелсіздік мерекесіне орай Таукент кенті модельді кітапханасымен кент әкімшілігінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тұғыры» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге дәрігерлік амбулаториясының мейірбикелері мен «Созақ Сәулет» МКК-ның жұмысшылары, кәсіпкерлері қатысты. Кент әкімі Серік Маманов ел тәуелсіздігінің шежіресінен кеңінен әңгімелеп, желтоқсан оқиғасына қатысқандарды және егемен ел болып, тәуелсіздігімізді алу жолында қосқан үлестері үшін бірқатар қызметкерлерге алғыс білдіріп, арнайы алғыс хатпен марапаттады. Іс-шара соңынан еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы мен тәуелсіздік шежіресін қамтитын кітап көрмесімен танысты.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН «НҰРЛАН-АТА» ҚҰРЫЛЫС САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

Шолаққорған ауылында сауда нарығындағы танымал «Нұрлан ата» құрылыс заттар желісінің жаңа сауда орталығы ашылды.



Сауда орталығының ашылу салтанатында аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев пен аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды лента қию рәсіміне қатысып, аудан тұрғындарын осы қуанышты оқиғамен құттықтап сөз сөйледі.

Жеке кәсіпкер Базарбай Нұрлановтың бастамасымен салынған заманауи үлгідегі «Нұрлан ата» құрылыс заттары сауда үйі 15-ке жуық адамды жұмыспен қамтып, құрлысқа қажетті заттарды тұтынушыларға қолжетімді бағамен ұсынатын болады.

